



201 жылғы

Астана, Үкімет Үйі

« »

201 г.

№ _____

20.03.2018-ғы № 11-9/545 дз шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2018 жылғы 21 ақпандағы № ДС-54

Құрметті депутаттар!

Сіздердің ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясы және тұқым шаруашылығы саласындағы проблемалық мәселелерді шешуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Селекция мекемелерінің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қатысты

Селекция мекемелерінің білікті селекционер мамандарға қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін аграрлық бейіндегі ұлттық университеттерде «Селекция және тұқым шаруашылығы» мамандығын қалпына келтіру жоспарлануда.

Бұдан басқа, селекционер мамандардың ғылыми зерттеудің жаңа әдістемелерін үйренуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жүгері және бидайды жақсарту халықаралық орталығы (бұдан әрі – СИММИТ) арасындағы ауыл шаруашылығы ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде СИММИТ селекционер мамандарды оқыту, олардың шетелдік ғылыми форумдарға қатысуы, жетекші әлемдік ғалымдарды тарту, бидай мен жүгерінің бағалы генотиптерін тегін беру бойынша қолдау көрсетеді.

Аграрлық ғылымды реформалау мақсатында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың тұжырымдамасын елеулі өзгерту жоспарлануда. Осыған байланысты «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ҒӨО» ЖШС мен Ұлттық биотехнология орталығы базасында халықаралық зерттеу орталығын құру мәселесі қарастырылуда.

Сонымен бірге, ағымдағы жылы жоғарыда көрсетілген ұйымдардың қатысуымен «Нақты егіншілік элементтері» пилоттық жобасын іске асыру көзделуде, оның нәтижесі бойынша 3 мың гектар алқаптан 25 центнерден кем емес дәнді дақылдардың өнімін алу жоспарлануда.

Тұқым өндірушілердің және селекция мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қатысты

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 28 қарашадағы № 473 бұйрығымен Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) субсидиялау нормативін 25%-дан 50%-ға дейін көбейтуді, сондай-ақ субсидияланатын техниканың тізбесін 8-ден 24 бірлікке дейін кеңейтуді көздейтін селекциялық-тұқым шаруашылығы техникаларын және жабдықтарды сатып алу бойынша жеке паспортпен толықтырылды.

Себу стандарттарының талаптарына сай жоғары сапалы тұқым өндірісін қамтамасыз ету, тұқым тазалайтын кешендер мен тұқым дайындайтын желілердің құрылысын салуды және реконструкциялауды ынталандыру үшін Қағидаларға субсидияны тұқым дайындау сапасы және өнімділігі бойынша басымдылығына байланысты Еуропа елдерінде шығарылған селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасына және тұқым тазалау-сұрыптау жабдығына төлеуді көздейтін өзгерістер енгізу мәселесі белгіленген тәртіпте пысықталуда.

Жоғары репродукциялы тұқымды пайдалануды ынталандыру, сорт жаңартудың міндетті нормаларын енгізу, тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдауға және бақылауға қатысты

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) үшін жоғарғы репродукциялы тұқымға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін тұқым шаруашылығын субсидиялаудың жаңа механизміне көшу мәселе қарастырылуда, ол мынаны көздейді:

1) көктемде АШТӨ тұқым шаруашылығынан /сатушыдан ең төменгі норма бойынша 1 репродукциялы тұқымды тегін алуы. Бұл ретте АШТӨ элиталық тұқым шаруашылығынан элиталық тұқымды ең төменгі нормамен және бірінші репродукциялы тұқымның бағасы бойынша алуы мүмкіндігі бар (элиталық тұқым мен бірінші репродукциялы тұқымның құнының айырмашылығын АШТӨ өз бетінше төлейді).

Ең төменгі норма АШТӨ оны себу арқылы жыл сайын сорт жаңартуды жүргізетінін және 2 жылдан кейін өз алқабында 3 репродукциялы тұқым себуге көшуді аяқтау мүмкіндігін ескере отырып (яғни бұдан төмен репродукциялы тұқымды пайдаланбай) есептелген;

2) облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасының элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы немесе тұқым сатушының өтінімі бойынша берілген элиталық және 1 репродукциялы тұқымдардың толық құнын өтеуі;

3) Тұқым шаруашылығын дамыту қорын құру (мысалы «ҚазАгроКепіл» АҚ), оған АШТӨ күзде егін жинау науқанынан кейін ең төменгі норма бойынша тұқым құнының 30-50% қайтарады.

Тұқым шаруашылығын дамыту қоры:

- аттестатталған тұқым өндірушілер үшін төменгі пайыздық мөлшерлеме бойынша негізгі қорларды сатып алу мен жаңғыртуды (бағалау 1-2%) қаржыландыру;

- айналым қаржатын қаржыландыруға қор тарту, оның ішінде қамтамасыз етілген борыштық құнды қағаздарды эмиссиялау (*секьюритизация*) арқылы;

- 2 репродукциялы тұқымдарды сатып алуды қаржыландыру және субсидиялау үшін қайтарым қаржатын жинақтайтын болады.

Субсидиялаудың аталған механизмін өңірлер мен нарыққа қатысушылар талқылады және жалпы қолдады.

Бұдан басқа жаңа механизмді іске асыру әкімшілік шаралар қабылдауды көздейтін болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 268 бұйрығымен бекітілген Жерді ұтымды пайдалану қағидаларында ең төменгі норма бойынша тұқым жаңартудың болмауы жерді ұтымсыз пайдалану болып табылатыны жөнінде норма көздеу жоспарлануда.

Сонымен қатар, тұқым өсіру шаруашылықтары өндіретін тұқымның сапасын бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында өзін-өзі реттейтін ұйым – селекционерлер мен тұқым өсірушілердің республикалық палатасын құрып, оған аттестаттау және аттестатталған тұқым өндірушілерді бақылау бойынша функция беру жоспарлануда.

Тұқым шаруашылығы саласындағы аудандық жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне қатысты

Аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарына тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау құзыретін беру мәселесі Мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу аясында белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Мемлекеттік сорт сынауды оңтайландыру бойынша

Мемлекеттік сорт сынау жүйесін жетілдіру мақсатында Парламент Мәжілісінде қаралып жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында (*бұдан әрі – заң жобасы*) Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссияға (*бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия*) ақылы қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін түзетулер енгізу көзделген.

Сонымен бірге сорт сынау әдістемесін халықаралық әдістемеге сәйкес жедел өзектендіру мақсатында заң жобасымен Мемлекеттік комиссияның оларды бекіту бойынша құзыреті бекітіледі.

Бұдан басқа заңнаманы Өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау бойынша халықаралық конвенцияның ережелерімен үйлестіру мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарының шаруашылыққа пайдалылығымен қатар, өзгешелігі, біркелкілігі және тұрақтылығы тұрғысынан сынақ жүргізу көзделген.

Сорттарды демонстрациялау бойынша

Мемлекеттік комиссия АШТӨ-ге селекциялық жетістіктер мен олардың сорттық агротехникасын таныстыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге арналған әртүрлі тәжірибелерді көрсету мақсатында жыл сайын дала күндерін өткізеді, онда әлемдегі жетекші өндірушілердің сорт сынау техникасы мен зертханалық жабдықтары таныстырылады.

Бұдан басқа Мемлекеттік комиссия селекциялық жетістіктердің патент қабілеттігі және шаруашылыққа пайдалылығы тұрғысынан сараптама жасау және сынақ жүргізу бойынша әдіснамалық материалдармен, Қазақстан Республикасында пайдалану ұсынылған селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген жаңа селекциялық жетістіктердің сипаттамаларымен АШТӨ таныстыру және хабардар ету мақсатында «Ресми бюллетень» журналын шығарады.

Тұқым өсіру шаруашылықтарын қайта аттестаттауға қатысты

«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – заң) тиісті куәлік бере отырып, тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

Тұқым өндірушілерді аттестаттау алғашқы аттестаттаудан және аттестаттау туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткеннен кейін қайта аттестаттаудан тұрады, яғни тұқым шаруашылығы субъектілері аттестаттау мерзімі өткеннен кейін қайта аттестаттаудан өтуге міндетті.

Аттестаттау туралы куәліктің мерзімі жоғарыда көрсетілген заңмен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығымен бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларында (*бұдан әрі – Аттестаттау қағидалары*) белгіленген.

Тұқым өсіру шаруашылықтары өндіретін тұқымның сапасын арттыру үшін заманауи техникалармен жарақталуы бойынша тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарды күшейту бөлігінде Аттестаттау қағидаларына өзгеріс енгізу жоспарлануда.

Ө. Шөкеев

*Орынд. Ә.Ф. Әскеев
Тел. 74-54-17
Askeyev_AG@ukimet.kz*

Тізім:

1. А.Ж. Ералиевке;
2. С.К. Омаровқа;
3. С.Ә. Қаныбековке;
4. Ф.Ә. Қаратаевқа;
5. А.А. Смағұловқа;
6. Г.Г. Шиповскихке.